

**Баспасөз хабарламасы**

*Астана қ., 8 желтоқсан 2023 жыл*

**2023 жылдың желтоқсан айында «ҚазТрансОйл» АҚ Германияға 150 мың тонна қазақстандық мұнай жеткізуді жоспарлап отыр**

2023 жылдың желтоқсан айында «ҚазТрансОйл» АҚ Германияға 150 мың тонна қазақстандық мұнай жеткізуді жоспарлап отыр.

2023 жылдың қаңтар-қараша айларында қазақстандық мұнайды «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы Германияға одан әрі жеткізу үшін Адамова Застава мұнай жеткізу пунктіне қарай тасымалдау көлемі 843 мың тоннаны құрады.

Бұл транзит Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 2002 жылғы 7 маусымдағы тиісті келісім аясында жүзеге асырылады.

**Анықтама үшін:**

*«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.*

**«ҚазТрансОйл» АҚ  
жұртшылықпен байланыс  
және ішкі коммуникациялар департаменті**